



**Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің әділет министрліктері арасындағы Құқықтық ақпарат алмасу саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 қарашадағы N 1163 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің әділет министрліктері арасындағы Құқықтық ақпарат алмасу саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің әділет министрліктері арасындағы Құқықтық ақпарат алмасу саласындағы ынтымақтастық туралы КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің әділет министрліктері,

құқықтық саладағы халықаралық ынтымақтастыққа жалпыға танымал халықаралық құқық қағидаттары мен нормаларына сәйкес адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етуге маңызды мән бере отырып,

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты (бұдан әрі - ЕурАзЭҚ) құру туралы шарттың ережелерін және ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық комитеті жанындағы Әділет министрлері кеңесі туралы ережені басшылыққа ала отырып,

өзара мүдделі болып табылатын мәселелер бойынша өзара іс-қимылды дамытуға бағытталған Тараптардың өзара ұмтылысын негізге ала отырып,

ЕурАзЭҚ шеңберінде бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру мақсатында, мына төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Тараптар ұлттық заңнаманың нормативтік құқықтық кесімдерімен жүйелі алмасуды жүзеге асыруға, Тараптардың органдары қызметінің мәселелері жөнінде ақпараттық-әдістемелік және өзге де анықтамалық-талдамалық материалдарын өзара

негізде ұсынуға міндеттенеді.

Тараптар орыс тілінде жазылған нормативтік құқықтық кесімдермен, өзге де құқықтық ақпаратпен алмасуды жүзеге асырады.

## 2-бап

Тараптар өз құзыреті шегінде қызметтің мынадай негізгі бағыттары бойынша ынтымақтасады:

заң қызметін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету;  
құқықтық ақпараттық жүйелерді дамыту;  
құқықтық ақпараттандыру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;  
әділет саласындағы құқықтық ақпараттың дерекқорларын құру және жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;  
құқықтық ақпаратпен, оның ішінде машинамен оқылатын нысанда халықаралық ұйымдармен және үшінші мемлекеттермен алмасуды жүзеге асыру;  
Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттер заңнамасының ұлттық деректер банкіні құру жөніндегі қызметті үйлестіру;  
Тараптардың сот приставы қызметінің және өзге органдарының қызметін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;  
қылмыстық жазаны орындаушы мекемелерде және тергеу изоляторларында жедел іздестіру қызметін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

## 3-бап

Тараптар ұсынылатын ақпараттың толықтығын және шынайылығын қамтамасыз етеді.

Тараптар ұсынылған ақпаратты оны ұсынған Тарап үшін нұқсансыз тек өтініш білдірілген мақсатта пайдаланады.

## 4-бап

Құқықтық ақпаратты ұсынуға (алуға) арналған сұрау салулардың орындалу тәртібі және мерзімдері орындаушы Тарап мемлекетінің нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

## 5-бап

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық мүдделі Тараптың немесе оның органдары сұрау салуларының негізінде жүзеге асырылады.

Сұрау салу жазбаша нысанда не уақыт күттірмейтін жағдайда кейіннен үш тәулік ішінде міндетті түрде жазбаша растау шартымен ауызша нысанда, оның ішінде

деректерді берудің техникалық құралдарын пайдалана отырып жолданады.

Жәрдем көрсету туралы сұрау салуда:

сұрау салушы Тараптың атауы;

істің мән-жайының баяндалуы;

сұрау салу мақсатының, орындалуының ықтимал мерзімдері мен негіздемесінің көрсетілуі;

сұрау салынатын жәрдемнің мағынасын баяндау;

сұрау салуды тиісінше орындау үшін пайдалы болуы мүмкін басқа кез келген ақпарат болуы тиіс.

Жәрдем көрсету туралы сұрау салуға сұрау салатын Тараптың басшысы қол қояды.

## 6-бап

Егер сұрау салынған Тарап сұрау салуды орындау мемлекеттің егемендігіне, қауіпсіздігіне немесе басқа елеулі мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін не мемлекеттің заңнамасына немесе халықаралық міндеттемелеріне қайшы деп есептесе, жәрдем көрсету туралы сұрау салуды орындаудан толық немесе ішінара бас тартылады.

Жәрдем көрсетуден бас тарту туралы шешім шығарылғанға дейін сұрау салынған Тарап өзі қажет деп санайтын шарттар сақталған жағдайда жәрдем көрсетілуі мүмкін бе деген мәселені қарау үшін сұрау салған Тараппен консультациялар жүргізеді. Ұсынылған шарттармен келіскен жағдайда сұрау салған Тарап олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Сұрау салынған Тарап бас тарту себептерін көрсете отырып, сұрау салуды орындаудан толық немесе ішінара бас тарту туралы жазбаша хабарлайды.

## 7-бап

Сұрау салынған Тарап сұрау салудың уақтылы және толық орындалуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Сұрау салған Тарап сұрау салудың орындалуына кедергі болып отырған немесе оның орындалуын елеулі түрде кідіртіп отырған жағдайлар туралы бірден хабарланады.

Сұрау салынған Тарап оның пікірі бойынша сұрау салуды тиісінше орындау үшін қажет қосымша мәліметтерді сұратуға құқылы.

Егер сұрау салынған Тарап сұрау салуды дереу орындау оның мемлекетінде жүзеге асырылатын қылмыстық қудалауға немесе өзге де іс жүргізуге кедергі жасауы мүмкін деп есептесе, ол оған сұрау салудың орындалуын кейінге қалдыра немесе оның орындалуын сұрау салған Тараппен консультациядан кейін қажет деп анықталған шарттардың сақталуымен байланыстыра алады. Егер сұрау салған Тарап ұсынылған шарттар негізінде оған жәрдем көрсетуге келіссе, ол осы шарттардың сақталуын

қ а м т а м а с ы з

е т е д і .

Сұрау салынған Тарап сұрау салған Тараптың өтініші бойынша осы сұрау салудың және оған ілеспе құжаттар мазмұнының құпиялылығын қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдайды.

Құпиялылықты сақтай отырып сұрау салуды орындау мүмкін болмаған жағдайда сұрау салынған Тарап бұл туралы сұрау салған Тарапқа хабарлайды, ол сұрау салуды осындай шарттармен орындаудың қажеттігін шешеді.

## **8-бап**

Егер олар осы Тарап мемлекетінде жалпыға бірдей қол жетімді болып табылса және егер оларды беру кезінде ол мұндай шарт қоймаған болса, осы Келісім негізінде бір Тарап алған ақпарат пен құжаттарды үшінші Тарапқа беру үшін оларды ұсынған Тараптың алдын ала келісімі талап етілмейді.

Сұрау салушы Тарап сұрау салынатын Тарапты мұндай ақпарат пен құжаттардың мүмкін және болжалды қолданылуы немесе жариялануы туралы алдын ала хабарлайды.

## **9-бап**

Осы Келісім шеңберінде жүргізілетін іс-шараларды қаржыландыруға байланысты шығыстар қабылдаушы Тараптың есебінен жүзеге асырылады, ал осы іс-шараларға қатысуға байланысты шығыстарды жіберуші Тарап көтереді.

## **10-бап**

Осы Келісім шеңберінде Тараптар ынтымақтастығы жөніндегі іс-шараларды үйлестіру бір-бірімен тікелей өзара іс-қимыл жасай алатын Тараптардың тиісті органдарына жүктеледі.

Тараптар ақпарат алмасу жүзеге асырылатын өздерінің органдары туралы өзара хабарлайды.

## **11-бап**

ЕурАзЭҚ-тың органдары өз құзыреті шегінде құқықтық ақпарат алмасуға қатыса алады. Мұндай қатысудың нысандары мен әдістері ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық комитеті жанындағы Әділет министрлері кеңесімен келісім бойынша анықталады.

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық кесімдерімен алмасуды ұйымдық-құқықтық қамтамасыз ету ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық комитеті жанындағы Әділет министрлері кеңесінің шешімімен Кеңес органдарына жүктелуі мүмкін.

## 12-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптар мемлекеттерінің басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

## 13-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## 14-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мен қолдануға байланысты туындайтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер мен консультациялар жолымен шешілетін болады.

## 15-бап

Осы Келісім оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Әрбір Тарап депозитарий болып табылатын ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық комитетіне жазбаша хабарлама жіберу жолымен осы Келісімнен шыға алады. Депозитарийдің мұндай хабарлама алған күнінен бастап үш ай өткеннен кейін бұл Тарап үшін осы Келісім өзінің қолданылуын тоқтатады.

2004 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қаласында орыс тілінде бір данада жасалды. Осы Келісімнің түпнұсқа данасы әрбір тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жолдайтын ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық комитетінде сақталады.

<i>Әділет министрлігі үшін</i>	<i>Беларусь</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Әділет министрлігі үшін</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Әділет Министрлігі үшін</i>	<i>Қырғыз</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Әділет министрлігі үшін</i>	<i>Ресей</i>	<i>Федерациясының</i>
<i>Әділет министрлігі үшін</i>	<i>Тәжікстан</i>	<i>Республикасының</i>